

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ



«КЕҢІСІЛГЕН»

«Қарағанды облысының өнеркәсіп,  
индустриялық-инновациялық  
даму басқармасы» ММ басшының орынбасары

А.Ю. Уманцев

«15» 03 2023 г.



«КЕҢІСІЛГЕН»

«Атамекен» Қарағанды облысының  
кәсіпкерлер палатасының директоры

Е.Д. Кульпейсов

«14» 03 2023 г.



«КЕҢІСІЛГЕН»

«QazTechna» ЖШС бас директоры

А.С. Майконов

«15» 03 2023 г.



«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды  
университетінің Басқарма Төрағасы - Ректоры

Н.О. Дулатбеков

«30» 05 2023 г.

«6В04103 – Экономика»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Денгейі: Бакалавриат

Қарағанды, 2023

**«БВ04103 - Экономика» бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2023 жылдың 3 наурыздағы өзгерістер және толықтыруларымен).
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.
- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді (2023 жылдың 5 сәуірдегі өзгерістер және толықтыруларымен).
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2020 № 234 бұйрығымен жаңа редакцияда)
- Жаңа мамандықтар және құзыреттіліктер атласы: «Сұраныс бойынша экономика маманы», «Үздіксіз жетілдіру маманы (CONTINUOUS IMPROVEMENT SPECIALIST)», «Агроном-экономист»

## Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының толықжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, мамандарды даярлау бағыттары	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттелу мерзімінің жарамдылығы	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлек лауазымдарының тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	4
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	8
20	Сертификаттау бағдарламасы (тіпog)	13
21	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу	13
22	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	14
23	Түлектің атрибуттары	15
24	Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі	16

## Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі - ББ) төлқұжаты.

1. Білім беру бағдарламасының коды: «6B0410300 - Экономика»
2. Білім беру саласының коды және жіктелуі, мамандарды даярлау бағыттары: 6B04 Бизнес, басқару және құқық; 6B041 Бизнес және басқару
3. Білім беру бағдарламаларының тобы: B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
4. Кредиттер саны: 240 ECTS
5. Оқу түрі: күндізгі
6. Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын
7. Берілетін академиялық дәреже: «6B04103 - Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалавры
8. ББ түрі: Қолданыстағы БББ
9. БЖХС бойынша деңгей: 6 деңгей
10. ҰБШ бойынша деңгей: 6 деңгей
11. СБШ бойынша деңгей: 6 деңгей
12. ББ айрықша ерекшеліктері: жоқ
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: 2020 жылғы 28 шілдедегі KZ83LAA00018495 мемлекеттік лицензияға № 16 қосымша
14. Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттелу мерзімінің жарамдылығы: НАОКО SA-A №0242/1 сертификаты 28 мамыр 2022 ж. – 27 мамыр 2027 ж.
15. ББ мақсаттары:
  - 15.1 ББ стратегиялық мақсаттары:
    - инновациялық идеяларды табысты жүзеге асыратын бизнес көшбасшыларды қалыптастыру
    - ұлттық және әлемдік экономика үшін бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау
    - шығармашылық әлеуметтік жауапты тұлғаны қалыптастыру.
  - 15.2 ББ мақсаты: кәсіпорынды дамытудың тиімді стратегиясын әзірлеу, стратегиялық міндеттердің артықшылығына сәйкес кәсіпорын ресурстарын оңтайлы бөлу және фирмалар капитализациясының өсуін басқару облыстарында дамыған құзыреттерге ие тұлғаларды дайындау
16. «6B04103 – Экономика» ББ бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы:
  - 16.a Біліктілік пен лауазымдардың тізімі: Экономист, материалдық-техникалық жабдықтау бойынша экономист, өткізу бойынша экономист, шарт және талап-арыз жұмысы бойынша экономист, еңбек бойынша экономист, жоспарлау бойынша экономист, есептеу (Ақпараттық-есептеу) орталығының экономисі.
  - 16.b Кәсіби қызмет саласы мен объектілері: Меншік нысанына қарамастан экономиканың әртүрлі секторлары кәсіби қызмет саласы болып табылады: меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, нарықтық инфрақұрылым буындарындағы экономиканы мемлекеттік реттеуді басқару органдары. "6B04103 – Экономика" мамандығы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің объектілері әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы халық шаруашылығы салаларының кәсіпорындары, олардың құрылымдық өндірістік және

функционалдық бөлімшелері, кәсіпорынның экономикалық инфрақұрылым объектілері, жобалау ұйымдары, ғылыми-зерттеу мекемелері, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылады.

#### **16.в Кәсіби қызмет түрлері:**

- есептеу-экономикалық,
- аналитикалық,
- ұйымдастырушылық-басқарушылық,
- ғылыми-зерттеу.

#### **16.г Кәсіби қызметтің функциялары:**

Есептік-экономикалық қызмет саласында:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің есебін жүргізу үшін бастапқы деректерді дайындау;

- қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны ескере отырып, типтік әдістемелер негізінде экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің есебін жүргізу;

- әр түрлі меншік түріндегі кәсіпорындар, ұйымдар, ведомстволар және т. б. жоспарларының экономикалық бөлімдерін әзірлеу.

Талдамалық және ғылыми-зерттеу қызметі саласында:

- алынған тапсырма бойынша ақпаратты іздеу, нақты экономикалық есептеулер жүргізу үшін қажетті деректерді жинау және талдау;

- қойылған міндетке сәйкес Экономикалық деректер массивтерін өңдеу,

- алынған нәтижелерді талдау, бағалау, түсіндіру және қорытындыларды негіздеу;

- кәсіби қызмет саласына жататын зерттелетін үдерістердің, құбылыстар мен объектілердің стандартты теориялық және эконометриялық модельдерін құру, алынған нәтижелерді талдау және түсіндіру;

- елде де, шетелде де микро - және макро-денгейде әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттайтын көрсеткіштерді талдау және түсіндіру;

- ақпараттық шолулар, аналитикалық есептер дайындау;

- статистикалық зерттеулер, сауалнамалар, сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін алғашқы өңдеу;

- кәсіби қызмет саласындағы жобалық шешімдерді әзірлеуге, әзірленген жобалар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша ұсыныстар мен іс-шараларды дайындауға қатысу.

Ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:

-басқарушылық шешімдердің нұсқаларын әзірлеуге, қабылданатын шешімдердің тәуекелдері мен ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарларын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлері негізінде оларды таңдауды негіздеуге қатысу;

- жұмыстың тапсырылған кезеңін орындауды ұйымдастыру;

- нақты экономикалық жобаны іске асыру үшін құрылған шағын ұжымдар мен топтарды жедел басқару.

**17. Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау:**

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Soft skills)	ОН1	Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адам мен табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудың негізгі қағидаттары туралы білімді қолданады.
	ОН2	Заманауи бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, кәсіби қызметте экономикалық ақпаратты өңдеудің техникалық құралдарын, цифрлық технологияларды пайдаланады.
2. Цифрлық құзыреттер (Digital skills)	ОН3	Бизнес-аналитикада заманауи цифрлық платформаларды, бағдарламалық өнімдерді, Big Data және ERP жүйелерін қолдана отырып, бизнес-үрдістер мен құбылыстарды үлгілейді және болжайды.
3. Кәсіби құзыреттер (Hard skills)	ОН4	Экономикалық теорияның тұжырымдамалық, институционалдық тәсілдерін және математикалық әдістерді микро-, макро- және халықаралық деңгейде қолданады.
	ОН5	Статистика және дизайн-ойлау әдістерін қолдану негізінде кәсіпорын қызметін басқару мен ұйымдастырудың тәжірибелік дағдыларын көрсетеді, корпоративтік және бизнес құқығының құқықтық нормалары мен ережелерін сипаттайды.
	ОН6	Маркетингтік зерттеулер мен SPSS деректерін талдау негізінде технологиялар мен стартаптардағы кәсіпкерлік дағдыларды көрсетеді.
	ОН7	АССА стандарттарын сақтай отырып, кәсіпорында есеп, салық салу, қаржылық менеджменттің білімі мен әдістерін қолданады.
	ОН8	Тұрақты даму қағидаттарын меңгергенін көрсетеді, бизнесті экологиялық және қауіпсіз жүргізу, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік құралдарын қолданады.
	ОН9	Аймақтың тұрақты дамуы үшін урбанизация жағдайында HR бағалау мен басқарудың негізгі құзыреттерін қолданады.
	ОН10	Ұйымның негізделген даму жоспарларын қалыптастыру үшін кәсіпорынның экономикалық қызметін анықтайды және түсіндіреді.

### 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)	
ОН1, ОН2	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы (МЕ)	5	
ОН1, ОН2		Философия	5	
ОН1		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері Байлық феномені Ғылыми зерттеу негіздері		5
ОН1, ОН8				
ОН1, ОН4				
ОН1				
ОН1, ОН2	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4	
ОН1, ОН2		Мәдениеттану, Психология	4	
ОН2	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	
		Орыс тілі	10	
		Шетел тілі	10	
		Дене шынықтыру	8	
ОН4	Базалық дайындық	Экономикалық теория	5	
ОН4		Микроэкономика	7	
ОН4, ОН8		Макроэкономика	5	
ОН4		Экономикадағы математика	6	
ОН4		Халықаралық экономика	5	
ОН4, ОН8		Институционалды экономика	5	
		Оқу	2	
		Өндірістік	3	
ОН5	Бизнес-жоспарлау негіздері	Қолданбалы статистика және эконометрика	5	
ОН5		Дизайн-ойлау	6	
ОН5, ОН10		Кәсіпорын қызметінің экономикасы және ұйымдастырылуы	5	
ОН1, ОН5		Корпоративтік және бизнес құқығы	5	
ОН6, ОН8	Бизнес-жоспарлау және бизнестің техникалық-экономикалық негіздемесі	Кәсіпкерлік және стартаптар	7	
ОН3, ОН6		Технологиялық кәсіпкерлік		
ОН7, ОН10		Кәсіпорындағы басқару есебі	6	
ОН7		Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп		
ОН6		Маркетингтік зерттеулер	6	
ОН3, ОН6		SPSS деректерін талдау		
ОН7, ОН10		Қаржылық менеджмент	6	
ОН7, ОН10		Қаржылық талдау		
ОН7, ОН8, ОН10		Кәсіпорындағы салықтар және салық салу	6	
ОН7, ОН10		Қаржылық және салық есептілігі		
ОН8		Тұрақты даму экономикасы	Табиғатты пайдалану экономикасы	6
ОН1, ОН8			Жасыл экономика	
ОН4	Қоғамдық сектор экономикасы		6	

ОН8, ОН10		Экономикалық қауіпсіздік	
ОН9		Қала экономикасы және урбанистика	6
ОН4, ОН9		Аймақтық экономика	
ОН9		Еңбек экономикасы HR экономикасы және басқару	6
ОН10	Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау	Кәсіпорын қызметін жоспарлау	9
ОН7, ОН10		Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау	10
		Өндірістік	20
		Диплом алды	3
ОН 2, ОН3, ОН5	Minor "Экономикалық талдаудағы сандық бағдарламалық өнімдер"	R және SmartPLS бағдарламалық өнімдері STATA бағдарламалық өнімдері	5
ОН3		Экономикаға арналған ілгерімелі Excel және Power BI BI-аналитика	5
ОН 3, ОН7		Бизнестегі заманауи ERP- жүйелері	5
ОН3, ОН7		Корпоративтік бизнестің цифрлық платформалары	
ОН3, ОН6		Big Data және деректерді талдау	5
ОН 2, ОН3		Экономикадағы ақпараттық жүйелер және цифрлық технологиялар	
		Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау

### 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит-тер саны	Қалыптасатын оқу нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10			
D1	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, ҚР заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады.	5	+												
D2	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.	5	+								+				
D3	Байлық феномені	Берілген пән әлеуметтік құндылық ретінде байлық құбылысын, басқа ойлау мен әрекет етудің қазіргі заманғы адамын, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын, байлардың әлеуметтік қабатын талдау, жеке адамдардың байлығының пайда болу себептерін, факторларға байланысты оның таралу тенденцияларын анықтау мақсатында оқытылады.	5	+				+								



D4	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.	5	+															
D5	Экономикалық теория	Берілген пән экономикалық ғылымның пәні мен әдістері, әлеуметтік өндіріс негіздері, нарықтық қатынастардың заңдылықтары, факторлық нарықтардың ерекшеліктері, ұлттық экономика және макроэкономикалық көрсеткіштер негіздері, макроэкономикалық тепе-теңдік, экономикалық цикл, жұмыссыздық, инфляция, экономикалық өсу және ұлттық экономика жағдайындағы тұрақтылық мәселелері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5					+											
D6	Микроэкономика	Берілген пән микроэкономиканың зерттеу пәні мен әдіснамасы, тұтынушылардың, кәсіпорындардың, үкіметтің, әртүрлі ресурстар иелерінің мінез-құлқы, сондай-ақ олардың арасындағы экономикалық ортадағы қатынастар туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ микроэкономикалық деңгейде нарықтық орта оқиғаларын талдау, бағалау және болжау әдіснамасын зерттеу мақсатында оқытылады.	7					+											
D7	Макроэкономика	Берілген пән макроэкономиканың зерттеу пәні мен әдістемесі, жалпы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары, қазіргі ұлттық экономиканың негізгі проблемалары, экономикалық теңсіздік пен теңдік проблемалары, экономикалық өсу мен даму, төлем балансы, тауар және ақша нарықтарының әртүрлі макроэкономикалық модельдері және олардың өзара байланыстары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5					+							+				
D8	Экономикадағы математика	Берілген пән математикалық талдаудың негізгі бөлімдері, сызықтық алгебра, дифференциалдық теңдеулер, экономикалық-математикалық модельдеу, математикалық аппаратты қолдану, арнайы жоспарлаудың математикалық модельдерінде сызықтық бағдарламалау, теориялық және практикалық экономикалық есептерді шешу үшін сызықтық бағдарламалаудағы қосарлылық теориясы және оның қолданбалы мәндері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6					+											
D9	Халықаралық экономика	Берілген пән халықаралық сауда теориялары, жалпы сауда тепе-теңдігі, халықаралық сауданың кірістерді бөлуге әсері, сыртқы сауда саясаты, сауда саясатының тарифтік және тарифтік емес құралдары, әлемдік қаржы жүйесін талдау, жаһандану процесінің перспективалары мен проблемаларын бағалауға пьғармашылық көзқарасты дамыту туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5					+											
D10	Институционалдық экономика	Курс базалық даму институттарын, сондай – ақ заңнамалық және атқарушы билік органдарын, іскерлік қоғамдастық - ЕДБ, ірі және орта бизнес, ҰЕҰ, МЖС өкілдерін тарту арқылы мемлекеттік қолдау құралдарын қолдану негізінде отандық экономиканың тұрақты өсуін іске асыру тетіктерін зерделеуге арналған.	5					+							+				
D11	Қолданбалы статистика және эконометрика	Цирфльк талдау платформаларда статистикалық деректерді жинау, өңдеу және түсіндірудің жалпы принциптері мен әдістерін қолдану негізінде экономистің тәжірибелік қызметінде пайдалану үшін экономикалық деректерді талдаудың заманауи статистикалық және эконометрикалық әдіснамасын игеру мақсатында оқытылады.	5									+							
D12	Дизайн-ойлау	Берілген пән аналитикалық емес, пьғармашылық көзқарасқа негізделген инженерлік, іскерлік және басқа да міндеттер туралы, кейде күштеген идеялар мәселені жақсы шешуге әкелетін пьғармашылық процесс туралы, сондай-ақ қажеттіліктерді, технологиялық жүзеге асырылу және бизнес-идеяның өміршеңдігін үйлестіру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6									+							
D13	Кәсіпорын қызметінің экономикасы және ұйымдастырылуы	Өндіріс экономикасы саласындағы шешімдерді талдау және негіздеу, материалдық, ақпараттық, инвестициялық және басқа мүмкіндіктер тұрғысынан Ресурстық әлеуетті ескере отырып, Кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау негізінде өндірістік жүйелерді ұйымдастыру және басқару дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5									+							+

D14	Корпоративтік және бизнес құқығы	Корпоративтік, кәсіпкерлік заңнама білімін және бизнестегі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді талдау, түсіндіру және тәжірбелік қызметте қолдану; кәсіпорынның нормативтік құжаттамасын түсіндіру және корпоративтік активтерді басқару, экономикалық дауларды шешу, шаруашылық құқықтың жаңдайларын дұрыс заңдық саралау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5	+					+				
D15	Кәсіпкерлік және стартаптар	Курс кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға және бизнес-идеяны генерациялау дағдыларын дамытуға, бизнес-модельді әзірлеуге, MVP-ді анықтау, стартаптың коммерциялық перспективасын бағалауға, оны одан әрі масштабтау мүмкіндігімен тәжірбелік іске асыруға, өзінің студенттік стартап-жобасын таныстыруға арналған.	7						+	+			
D16	Технологиялық кәсіпкерлік	Технологиялық кәсіпкерлік және инновациялық жобаларды басқару, атап айтқанда оларды әзірлеу, енгізу және іске асыру саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеру мақсатында оқытылады. Технологиялық кәсіпкерлік саласындағы негізгі ұғымдарды қарастыру және технологиялық жобаны іске асыру стратегиясын әзірлеу әдістерімен зерделену.	7						+	+			
D17	Кәсіпорындағы басқару есебі	Курс кәсіпорын ресурстары туралы бастапқы деректерді жинау, есепке алу және талдау құралдарын және оларды компания қызметінің тиімділігін арттыру бойынша басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдалануды оқытуға арналған; курс ACCA әдістемесіне сәйкес әзірленген.	6							+			+
D18	Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп	Студенттердің қазіргі заманғы цифрлық платформаларды қолдана отырып, ACCA халықаралық стандарттарына сәйкес ҚР ұйымдарында бухгалтерлік есеп жүргізу әдістері саласында білім мен тәжірбелік; бухгалтерлік есепті нормативтік-құқықтық сүйемелдеу, ҚЕХС сәйкес есептілік жасау дағдыларды игеру мақсатында оқытылады.	6							+			
D19	Маркетингтік зерттеулер	Курста ғылыми және теориялық негіздерін зерттеу, сондай-ақ осындай зерттеулерді жүзеге асыруда практикалық дағдыларды меңгеру кіреді. Курстың мақсаты: маркетингтік зерттеулердің ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін, олардың сипаты мен кезеңдерін, ақпаратты жинау және талдаудың негізгі әдістерін зерделену; маркетингтік зерттеу құрылымын сипаттайды.	6							+			
D20	SPSS деректерін талдау	Курс индикаторларды тереңірек талдау және бизнес құрылымдары мен қоғамдық ұйымдар үшін зерттеу нәтижелерін түсіндіру негізінде статистикалық деректерді өңдеуге арналған SPSS қолданбалы бағдарламалар пакетімен жұмыс істеу дағдыларын алуға арналған.	6				+		+				
D21	Қаржылық менеджмент	Активтерді, капиталдың бағасы мен құрылымын басқару, ақша ағындарын, тәуекелдерді басқару, инвестициялық жобаларды басқару және дағдарысқа қарсы қаржылық басқару туралы білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Қаржылық менеджменттің негізгі тұжырымдамалары мен категориялары қарастырылады. Курс компанияның тиімді менеджментінің қажетті шарты ретінде қаржылық ресурстарды ұтымды басқару үдерістерін зерттеуге арналған.	6							+			+
D22	Қаржылық талдау	Пән кәсіпорындардың ағымдағы қаржылық жағдайын талдауды жүзеге асырудың әдіснамалық негіздерін қолдану, оны болжау және компанияның іскерлік белсенділігін, ресурстарды пайдалану тиімділігін және қаржылық сауықтыруды арттыру мақсатында ұсыныстар әзірлеу дағдыларын қалыптастырады.	6							+			+
D23	Кәсіпорындағы салықтар және салық салу	Пән Қазақстан Республикасының салық жүйесі және салықтарды бюджетаралық бөлу, салық салу элементтері туралы кешенді түсінік қалыптастыру, салық заңнамасын сақтаудың, тікелей және жанама салықтарды есептеудің, сондай-ақ арнайы салық режимдерін қолданудың тәжірбелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6							+	+		+
D24	Қаржылық және салық есептілігі	Қаржылық және салықтық есептілікті дайындау және ұсыну, ұйымның қаржылық жағдайын және оның даму тенденцияларын анықтау, басқарушылық шешімдерді әзірлеу, негіздеу және	6							+			+

		қабылдау үшін алынған мәліметтерді түсіндіру үшін кәсіпорындардың есептілігінде қамтылған бухгалтерлік, қаржылық және басқа ақпаратты жинақтаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.																
D25	Табиғатты пайдалану экономикасы	Курс экологиялық іздің экономикалық бағалау құралдарын пайдалану, табиғатты қорғау іс-шараларының тиімділігіне мониторинг жүргізу және табиғатты пайдаланудың экологиялық дұрыс тәжірибелерін ұсыну негізінде қоршаған ортаны сақтау жөніндегі талаптарды ескере отырып, бизнес-жобаларды іске асыру кезінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	6														+	
D26	Жасыл экономика	Пән қалдықтарды тиімді пайдалану, жасыл бизнесті құру және постиндустриалды технологияларды пайдалану мен ресурстарды үнемдеу шеңберінде баламалы энергетиканы дамыту қағидағтарында тұрақты дамуды басқарудың ғылыми және тұжырымдамалық негіздері туралы қазіргі заманғы түсінікті қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6			+											+	
D27	Қоғамдық сектор экономикасы	Пәнді игерудің мақсаты экономиканың қоғамдық секторының дамуын сипаттайтын деректерді жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы әдістерінің, қоғамдық және әлеуметтік маңызды бар игіліктер нарығының конъюктурасын қалыптастыру факторларын, Қазақстан Республикасының әлеуметтік саласы салаларының жұмыс істеуін басқару дағдыларын қалыптастыру болып табылады.	6							+								
D28	Экономикалық қауіпсіздік	Берілген пән жоғары және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ететін ұлттық экономиканың жағдайын бағалау, халықтың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруды үйлестіру, мемлекеттің ұлттық ресурстардың қозғалысы мен пайдаланылуын бақылау, ұлттық және халықаралық деңгейлерде кәсіпкерлердің экономикалық мүдделерін қорғауды ұйымдастыру дағдыларын игеруге бағытталған.	6														+	+
D29	Қала экономикасы және урбанистика	Курс қазіргі заманғы қалалардың даму заңдылықтарын және олардың кеңістіктік құрылымын зерттеу, қалалық аумақтар шеңберінде әртүрлі салаларды оқшаулауға, урбанизация мен агломерациялардың пайда болуына, сондай-ақ қалалық экожүйелердің қаржылық қамтамасыз етілуін, жұмыс істеуі мен дамуын басқару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	6															+
D30	Аймақтық экономика	Курс шаруашылықтың аумақтық ұйымдастырылуын және елдің ірі өңірлерін, Қазақстан халқының аумақтық ұйымдастырылуының факторлары мен алғышарттарын, сондай-ақ шаруашылықтың өмір сүруі мен жұмыс істеуінің ерекше жағдайлары бар аумақтарды зерделеуді көздейді. Өндіргіш күштердің аумақтық жүйесіне, оларды қалыптастыру, жұмыс істеу және басқару үрдістеріне ерекше рөл беріледі.	6							+								+
D31	Еңбек экономикасы	Пән еңбек нарығы мен кәсіпорындағы еңбекті ұйымдастыру конъюктурасы туралы білімді қалыптастыру, ұйымдағы еңбек шығындарының көрсеткіштерін, еңбекке ақы төлеу мен тиімділікті, әртүрлі факторлардың әсерінен еңбек үрдісінде қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық қатынастарды талдау дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады.	6															+
D32	HR экономикасы және басқару	Пән кәсіпорынның адами ресурстарын сандық және сапалық талдау, сондай-ақ адами әлеуетті дамытуға арналған шығыстарды бюджеттеу, кәсіпорынның кадр саясатын стратегиялық және жедел басқаруды ұйымдастыру жүйесін әзірлеу саласындағы дағдыларды қалыптастырады.	6															+
D33	Кәсіпорын қызметін жоспарлау	Пән кәсіпорынның дамуының стратегиялық бағыттары мен жоспарлы индикаторларын әзірлеу және ұйымның ішкі және сыртқы ортасының жағдайын бағалау және дамудың перспективалық трендтерін болжау нәтижелері негізінде басқарудың экономикалық, қаржылық және ұйымдастырушылық модельдерін қолдану, жоспарлардың мониторингі мен түзетулерін жүзеге асыру қабілетін қалыптастырады.	9															+
D34	Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау	Пәннің мақсаты кәсіпорын ресурстарын пайдалануды экономикалық талдаудың негізгі құралдарын, оның қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін және стратегиялық	10														+	+

		және оперативті басқару шешімдерін тиімдірек қабылдауға мүмкіндік беретін нәтижелерді түсіндіру дағдыларын алу болып табылады.																	
D35	R және SmartPLS бағдарламалық өнімдері	Курс R және SmartPLS бағдарламалық өнімдері арқылы экономикалық зерттеулер саласында үлгілеу және талдау үшін деректердің өзара байланысының статистикалық функциясын және графикалық визуализациясына мүмкіндіктердің кең ауқымында жұмыс істеу дағдыларын игеруге арналған.	5			+	+		+										
D36	STATA бағдарламалық өнімдері	Курс ақпаратпен кәсіби жұмыс істеу, оны STATA мамандандырылған бағдарламалық өнімдерінде зерттеу мақсатында статистикалық талдауға, деректер массивтерін өңдеуге және регрессиялық модельдерді құруға, нәтижелерді карталар мен графиктер түрінде ұсыну дағдыларын дамытуға арналған.	5			+	+		+										
D37	Экономикаға арналған ілгерімелі Excel және Power BI	Берілген пән Excel негізінде Экономикалық талдаудың негізгі құралдары туралы білімді қалыптастыру, Power BI көмегімен кәсіпорынның корпоративтік аналитикасы мен даму сценарийлерін құру, презентациялар мен аналитикалық есептер құру, жобалық жұмыстың заманауи әмбебап құралдарын игеру, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін зерттеу мақсатында оқытылады.	5				+												
D38	BI-аналитика	Берілген пән студенттердің әлемдік экономика саласындағы үлкен деректерді талдау және BI-аналитика құралдарын: бақылау тақталарын, Power BI және басқа да BI жүйелерінде деректерді өңдеу, визуализациялау, кейіннен шешім қабылдау үшін қолдана отырып кедендік сауда ағындарын өңдеу дағдылары мен тәсілдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5				+												
D39	Бизнестегі заманауи ERP- жүйелері	Курс кәсіпорын қызметін жоспарлау, болжау және бақылау саласында ERP жүйелерін пайдалану дағдыларын дамытуға арналған. Білім сізге ERP жүйелерінің құралдары негізінде компания қызметін стратегиялық талдаудың аналитикалық негізін құруға мүмкіндік береді.	5				+									+			+
D40	Корпоративтік бизнестің цифрлық платформалары	Пәнді оқытудың мақсаты корпоративтік бизнестің тиімділігін арттыру құралы ретінде заманауи цифрлық платформаларды қолдану саласында білім мен дағдылар пұлын қалыптастыру болып табылады: транзакциялық шығындарды азайту, корпоративтік бизнес-процестерді біріздендіру, басқару жүйелерін жақсарту, шешімдерді қабылдаудың тиімділігін арттыру.	5				+									+			
D41	Big Data және деректерді талдау	Пән деректердің үлкен массивтерін зияткерлік талдау дағдыларын қалыптастыру, оларды модельдеу, өңдеу, түсіндіру, визуализациялау және кәсіпорынның ақпараттық инфрақұрылымының жаңа модельдерін әзірлеу негізінде басқару шешімдерін болжау және қабылдау үшін алынған нәтижелерді тиімді пайдаланудың әлеуетті болашағын анықтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5				+									+			
D42	Экономикадағы ақпараттық жүйелер және цифрлық технологиялар	Пәннің мақсаты – жылдам өзгеретін ақпараттық салада кәсіби бағдарлауға мүмкіндік беретін дүниетанымды қалыптастыру; экономика саласында ақпаратты қабылдау, өңдеу және беру үшін ақпараттық жүйелер мен цифрлық технологияларды пайдалану қабілетін алу.	5				+	+											

## 20. Сертификаттау бағдарламасы (minor) «Экономикалық талдаудағы сандық бағдарламалық өнімдер» - 20 кредит

Модульдің атауы	Семестр, пәндер						
	1	2	3	4	5	6	7
Minor "Экономикалық талдаудағы сандық бағдарламалық өнімдер"						R және SmartPLS бағдарламалық өнімдері STATA бағдарламалық өнімдері Экономикаға арналған ілгерімелі Excel және Power BI BI-аналитика	Бизнестегі заманауи ERP-жүйелері Корпоративтік бизнестің цифрлық платформалары Big Data және деректерді талдау Экономикадағы ақпараттық жүйелер және цифрлық технологиялар

## 21. Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Тарихи ретроспективада және қазіргі қоғамдық ортада және экологияда адам өмірі, тараптардың құқықтық мүдделерін сақтау, экономикалық зерттеу әдістері және байлық құбылысы туралы білімдерін көрсетеді.	интерактивті дәріс, кейс-әдістер, дөңгелек үстел	Тест, коллоквиум, ауызша емтихан, жобаны қорғау
ОН 2	Лингвистикалық құзыреттілік пен бағдарламалау негізінде коммуникативті дағдыларды қолданады.	интерактивті дәріс, кейс-әдістер, дөңгелек үстел	Тест, коллоквиум, ауызша емтихан, жобаны қорғау
ОН 3	Экономикалық теорияның тұжырымдамалық және институционалдық тәсілдерін және математикалық әдістерді микро-, макро- және халықаралық деңгейде қолданады.	Дәріс Конспектiлеу Пiкiрталас Бақылау Сауалнаманы дайындау және өткізу	Тест, Презентацияны дайындау Жобаны қорғау Мәтінмәндік тапсырма
ОН 4	Корпоративтік бизнес құқығын ескере отырып, статистика және дизайн-ойлау әдістерін қолдану негізінде кәсіпорын қызметін басқару мен ұйымдастырудың тәжірибелік дағдыларын көрсетеді.	Дәріс Реферат Библиографияны құрастыру Дамушы кооперация әдісі Жобалық жұмыс	Тест, Есептерді шешу Мақала жазу
ОН 5	Маркетингтік зерттеулер мен SPSS деректерін талдау негізінде технологиялар мен стартаптардағы кәсіпкерлік дағдыларды көрсетеді.	Интерактивті дәріс, кейс-әдістер, миға шабуыл, жағдайларды модельдеу, топтардағы өзара іс-қимыл	Тест, Презентацияны дайындау, Жобаны қорғау,

			Ауызша емтихан
ОН 6	АССА стандарттарын сақтай отырып, кәсіпорында есеп, салық салу және қаржылық менеджменттің білімі мен әдістерін қолданады.	Дәріс Кейс-әдістер Дөңгелек үстел	Тест, Мәселелерді шешу Коллоквиум Ауызша емтихан
ОН 7	Тұрақты даму қағидаттарын түсінуді көрсетеді және бизнесті экологиялық және қауіпсіз жүргізу, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік құралдарын қолданады.	Дәріс "Тұрақты даму" тақырыбы бойынша пікірталас Тренингтер Сауалнаманы дайындау және өткізу	студенттер портфолиосы Тест, жобаны дайындау Мәтінмәндік тапсырма Ситуациялық жағдайларды шешу Қазақстандағы Тұрақты дамуды басқарудың SWOT-талдауы
ОН 8	Аймақтың тұрақты дамуы үшін урбанизация жағдайында HR бағалау мен басқарудың негізгі құзыреттерін қолданады.	Интерактивті дәріс, оқу пікірталастары, пікірталас	Тест, коллоквиум, ауызша емтихан
ОН 9	Ұйымның негізделген даму жоспарларын қалыптастыру үшін кәсіпорынның экономикалық қызметін анықтайды және түсіндіреді.	Жоба әдісі, кейстерді талдау	Жобаны қорғау, коллоквиум
ОН 10	Бизнес-аналитикада заманауи цифрлық платформаларды, бағдарламалық өнімдерді, Big Data және ERP жүйелерін қолдана отырып, бизнес-үрдістер мен құбылыстарды үлгілейді және болжайды.	Миға шабуыл, жағдайды модельдеу, топтық өзара әрекеттесу, есеп шығару	Тест, коллоквиум, жобаны қорғау

## 22. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН1	<b>Біледі:</b> Қазақстанның қазіргі тарихы, қоғамды жүйе ретінде қалыптастыру негіздері, адамның қоғамдағы рөлі, байлық құбылысының экономикалық және әлеуметтік табиғаты, адамға зиянды және қауіпті факторлардың әсерін.
	<b>Істей алады:</b> кәсіби қызметте іргелі ғылымдардың тұжырымдамалық-категориялық аппараты мен әдістерін қолдана алады.
	<b>Менгерген:</b> кәсіби қызметте қоғам мен адам туралы ақпаратты іздеу және пайдалану дағдыларын.
ОН2	<b>Біледі:</b> ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негіздері, мемлекеттік және шет тілдерінде академиялық мәтінді қалыптастырудың лексикалық-грамматикалық негіздерін.
	<b>Істей алады:</b> мемлекеттік және шет тілдерінде ақпарат жасау және оны ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып алмаса алады.
	<b>Менгерген:</b> ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, коммуникация және жұмыс істеудің лингвистикалық дағдыларын
ОН3	<b>Біледі:</b> саланы, нарықты және жалпы экономиканы талдауға арналған микро және макроэкономиканың экономикалық категориялары, экономикалық заңдары, принциптері, заңдары мен модельдерін.
	<b>Істей алады:</b> кәсіби қызметте экономикалық ғылымның тұжырымдамалық-категориялық аппараты мен әдістерін қолдана алады.
	<b>Менгерген:</b> микро және макро деңгейлердегі экономикалық субъектілердің тәртіптік ерекшеліктерін талдау дағдыларын.
ОН4	<b>Біледі:</b> ақпаратты жинау мен өңдеудің статистикалық принциптері мен әдістері, дизайн-ойлау әдістері және корпоративтік бизнес-құқық нормаларын.
	<b>Істей алады:</b> жиналған және өңделген статистикалық ақпаратқа негізделген дизайнерлік ойлау әдістерін қолдана отырып, заңды шешімдерді таба алады.

	<b>Менгерген:</b> корпоративтік бизнес құқығын ескере отырып, статистика және дизайн-ойлау әдістерін қолдану негізінде кәсіпорын қызметін басқару және ұйымдастыру дағдыларын.
ОН5	<b>Біледі:</b> кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың нысандары мен әдістері, стартаптардың бизнес-модельдерін әзірлеу әдістемесі, маркетинг стратегиясы мен тактикасы, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің жүйесін.
	<b>Істей алады:</b> кәсіпкерлік жобаларды дайындау мен іске асыруды жүзеге асырады, нарыққа маркетингтік зерттеулер жүргізеді және стартаптардың бизнес-модельдерін әзірлейді, өндіріс пен кәсіпкерлікті дамыту бағыттарын айқындайды.
	<b>Менгерген:</b> бизнес идеяларды қалыптастыру, инновациялық жоғары технологиялық ғылымды қажетсінетін идея негізінде жаңа бизнес құру, заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістерін.
ОН6	<b>Біледі:</b> қаржы ресурстарын басқарудың әдіснамалық негіздерін, АССА халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүйесін, Қазақстандағы салық салу жүйесін.
	<b>Істей алады:</b> компанияның іскерлік белсенділігін, оның қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында деректерді статистикалық өңдеу үшін SPSS қолданбалы бағдарламалар пакетін және заманауи цифрлық құралдарды пайдалана алады.
	<b>Менгерген:</b> компанияның ақша ағындарын оңтайландыру әдістерін, компанияның қаржылық жағдайын болжау және диагностикалау және қаржылық тәуекелдерді басқару әдістерін, мемлекеттің салық заңнамасын сақтау дағдыларын.
ОН7	<b>Біледі:</b> табиғатты пайдалануды басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, жасыл экономиканың мәні, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік саланы дамыту үшін орнықты дамудың негізгі критерийлері мен индикаторларын
	<b>Істей алады:</b> елдің табиғи әлеуетін пайдалану, жасыл экономика құралдарын қолдану, экономиканың қоғамдық секторын дамыту тенденциялары мен проблемаларын анықтай алады, шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалай алады.
	<b>Менгерген:</b> жасыл бизнесті құру, табиғатты пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтау, қоғамдық сектор салаларының жұмыс істеуін басқару, экономикалық тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу дағдыларын.
ОН8	<b>Біледі:</b> экономиканы дамытудың қазіргі жағдайында адам ресурстарын басқарудың негізгі көп өлшемді модельдері мен тәжірибелерін.
	<b>Істей алады:</b> макро және микро деңгейлерде адами ресурстарды дамытуды стратегиялық басқару саласындағы іс-шараларды жоспарлайды және жүзеге асыра алады.
	<b>Менгерген:</b> кәсіби қызмет үшін маңызды бар ақпаратты жинау және өңдеу дағдыларын.
ОН9	<b>Біледі:</b> кәсіпорынды стратегиялық басқарудың әдіснамалық негіздері: механизмдері мен құралдарын.
	<b>Істей алады:</b> Стратегиялық жоспарлау және басқару құралдарын қолдану негізінде кәсіпорынды дамытудың ағымдағы және перспективалық жағдайларын талдай алады.
	<b>Менгерген:</b> Компания басшылығының стратегиялық шешімдерін әзірлеу үшін ақпаратты жинау, талдау, жинақтау және түрлендіру дағдыларын.
ОН10	<b>Біледі:</b> Деректерді зерттеу әдістемесі және бизнес-аналитика құралдары мен технологияларын пайдаланатын заманауи цифрлық аналитикалық жүйелердің мүмкіндіктерін.
	<b>Істей алады:</b> бизнесті ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу үшін BI-жүйелердің заманауи ақпараттық технологияларын қолдана алады.
	<b>Менгерген:</b> BI-жүйелердің ақпараттық технологияларын қолдану негізінде бизнес-шешімдерді әзірлеу дағдыларын.

### 23. Түлектің атрибуттары

- Экономика және бизнес саласындағы жоғары кәсібилік;
- Эмоционалды интеллект;
- Ғаламдық сұраныстарға бейімділігі;
- Көшбасшылық;

- Кәсіпкерлік ойлау;
- Жаһандық азаматтылық;
- Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну
- Коммуникативтік құзыреттілік;
- Әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдылары.

## 24. Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тарихи ретроспективадағы және қазіргі қоғамдық орта мен экологиядағы адам өмірі, тараптардың құқықтық мүдделерін сақтау, экономикалық зерттеу әдістері мен байлық құбылысы туралы білімдерін көрсетеді;</li> <li>- Қоғамды және оның ішкі жүйелерін зерттеудің негізгі ұғымдарын, теориялары мен тәсілдерін меңгерген және сыни ойлау дағдыларын және оны әлеуметтік-саяси қызмет саласына қолдану қабілетін қалыптастыру үшін әлеуметтанулық, саясаттанулық, мәдениеттанулық және психологиялық ақпарат алу әдістерін қолданады;</li> <li>- Сауатты және дамыған сөйлеуді, ақпаратпен, ақпараттық объектілермен жұмыс істеу стратегияларының әртүрлі топтарын, ағзаның функционалдық жүйелері мен мүмкіндіктері туралы білімді меңгерген, танымдық процестерді басқарады;</li> <li>- Қазақ және шет тілдерінде кәсіби тақырып бойынша өз ұстанымын ауызша білдіру іскерліктері мен дағдыларын қолданады.</li> </ul>
2. Цифрлық құзыреттіліктер (Digital skills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Экономикалық міндеттерді шешу және басқару шешімдерін қабылдау кезінде бизнесті цифрлық түрлендіру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, кәсіби сипаттағы міндеттерді тиімді шешу дағдыларын меңгерген;</li> <li>- Бизнес-аналитикада заманауи цифрлық платформаларды, бағдарламалық өнімдерді, Big Data және ERP-жүйелерді қолдана отырып, бизнес-процестер мен құбылыстарды үлгілейді және болжайды;</li> <li>- IT-платформалар негізінде стартап-жобаларды ұйымдастыру үшін заманауи бизнес-модельдерді әзірлеу әдістемесі мен техникасын қолданады;</li> <li>- Кәсіпорындар қызметін стратегиялық талдауда статистикалық ақпаратты, бухгалтерлік және салықтық есепті талдау үшін мамандандырылған бағдарламалар мен техникалық құралдарды қолданады.</li> </ul>
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Экономикалық теорияның тұжырымдамалық және институционалдық тәсілдерін және микро, макро және халықаралық деңгейде математикалық әдістерді қолданады;</li> <li>- Корпоративтік бизнес-құқықты ескере отырып, статистика және дизайн-ойлау әдістерін қолдану негізінде кәсіпорын қызметін басқару мен ұйымдастырудың тәжірибелік дағдыларын көрсетеді;</li> <li>- АССА стандарттарын сақтай отырып, кәсіпорында есепке алу, салық салу және қаржылық менеджменттің білімі мен әдістерін қолданады;</li> <li>- Тұрақты даму қағидастарын түсінуді көрсетеді және бизнесті экологиялық және қауіпсіз жүргізу, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік құралдарын қолданады;</li> <li>- Қазіргі заманғы HR басқару теориялары негізінде адами капиталдың қалыптасуы мен даму факторларына талдау және бағалау жүргізеді;</li> <li>- Стратегиялық басқару шешімдерін әзірлеу үшін ақпаратты кешенді өңдеу негізінде кәсіпорынның экономикалық жағдайын талдайды;</li> <li>- мемлекеттегі және шетелдегі макро - және микроэкономикалық жағдайды кешенді талдау негізінде кәсіпорынды дамытудың стратегиялық жоспарының базалық ережелерін әзірлейді;</li> <li>- Стратегиялық жоспарлаудың заманауи әдістері мен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, экономикалық жүйелерді дамытудың</li> </ul>



бизнес-модельдерін әзірлейді;

- Өндірістік саладағы, қызметтердегі және саудадағы ағымдағы нормативтік-құқықтық базаны талдайды;

- Маркетингтік бертеулер мен SPSS деректерін талдау негізінде терминологиялар мен стартаптар саласындағы кәсіпкерлік дағдыларды көрсетеді.

**Құрастырғандар:**

Жұмыс тобының мүшелері:

Кафедра меңгерушісі

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Э.ғ.м., аға оқытушы

Студент



Ж.М.Жартай

Б.Х.Раимбеков

Н.Н.Гелашвили

М.К.Асанова

М.Р.Газизова

С.Ф. Еремина

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды « 15 » 03 2023ж. Хаттама № 8

Білім беру бағдарламасы Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды « 28 » 04 2023ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді « 30 » 05 2023ж. Хаттама № 12

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор



Т.З. Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры м.а.



С.А. Смаилова

Экономика факультетінің деканы

Ж.С. Хусайнова

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

### 6В04103 - ЭКОНОМИКА

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

#### Мақсатты индикаторлар:

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027
<b>1</b>	<b>Кадрлық потенциалды дамыту</b>					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	19	+1	+1	+1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	15	+1	+1	+1
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	7	+1	+1	+1
<b>2</b>	<b>Рейтингтердегі БББ жылжыту</b>					
2.1	НАОКО	Позициясы	6	5	4	3
2.2	НААР	Позициясы	6	5	4	3
2.3	Атамекен	Позициясы	13	12	11	10
<b>3.</b>	<b>Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу</b>					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	1	1	2
3.2	Оқу құралдары	Саны	2	3	4	5
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	2	2
3.4	Электронды оқулық	Саны	2	3	4	5
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	1	1	2	2
<b>4.</b>	<b>Оқу және зертханалық базаны дамыту</b>					
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	2	2	2
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	2	2	3	3
<b>5.</b>	<b>БББ мазмұнын өзектендіру</b>					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл			+	
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл		+		
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл			+	
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	+			

Экономика және халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісі



Ж.М. Жаргай